

Г.М. Сүлейменова^{1*}, Б.А. Жамелов²

¹тарих пәнінің эксперт-мұғалімі

Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі
(Қазақстан, Шымкент қ.), E-mail: Suleimenova_g@fnsh.nis.edu.kz

²Қожа Ахмет Яссауи атындағы қазақ-түрік университетінің PhD докторанты
(Қазақстан, Түркістан қ.), E-mail: zhamelov.baglan@bk.ru

ТАРИХ САБАҒЫНДА МҰҒАЛІМ ТӘЖІРБИЕСІН ДАМУДАҒЫ «ИС-ӘРЕКЕТТІ ЗЕРТТЕУ» (ACTION RESEARCH) ӘДІСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа

Заманауи мұғалім өз іс-әрекетіне рефлексия жасауы міндетті және оқушылардың білім сапасына терең талдау жасауы қажет. Оқушылармен жұмыс жасауда, жүйелі түрде сабақтарды жоспарлау мен өткізуде кедергі болатын факторларды түсініп, келесіде болдырмаудың жолдарын қарастыруы шарт, әйтпесе кәсіби жетілу қиын. Кәсіби қоғамдастықта жұмыс істеу арқылы мәселелерді шешу үшін мұғалімдердің өзара әрекеттесуін, жалпы стратегияларды таңдауды, олардың оқушылармен жұмысындағы тиімділігін зерттеуді қамтиды және "іс-әрекеттегі зерттеу" стратегиясы арқылы жүзеге асырылады.

Іс-әрекеттегі зерттеуде мұғалім сыныптағы жағдайды зерттеп, оған қатысты гипотеза жасайды. Белгілі бір ситуацияның болу себебін анықтау үшін, жағдаятты жан-жақты бақылау керек. Бұндай бақылау белгілі бір қорытынды жасауға алып келеді. Жүйелі зерттеу тәжірибемізді өзгертуге, анықталған жағдаятты басқаша жасауға рефлексияны дамытады. Іс-әрекеттегі зерттеу - Action research – Оқыту мен оқу тәжірибесін жетілдіру мақсатында бірізді, тізбектелген, жоспарланған іс-әрекеттерді орындауды, сондай-ақ зерттеу барысында алынған нәтижелерге жүйелі түрде мониторинг жүргізуді көздейтін үдеріс. Іс-әрекеттегі рефлексия-алдыңғы қадамдарды жоспарлау және орындау мақсатында іс-әрекет жасау (мысалы, оқыту мен оқу), іс-әрекет нәтижелерін сыни талдау және бағалау барысындағы мұқият ойлану үдерісі.

Сабақтың тиімді жоспарлануы, оқушылардың жас ерекшелігін есере отырып қолданылатын білім беру ресурстары мен әдіс-тәсілдер, білім алушыларды ынталандыра алатын нәтижеге бағыттайтын бағалау құралдарының тиімді жүзеге асырылуының нәтижесі оқушылардың білім сапасының өсуімен тығыз байланысты үдеріс. Тізбектелген сабақтар барысындағы әріптестердің конструктивті кері байланыстарын ескере отырып, алдыңғы сабақтарда орын алған олқылықтардың болдырмау арқылы мұғалім өзі де кәсіби тұрғыда дамиды. Осы үдерістердің барлығы дерлік Іс-әрекетті зерттеу стратегиясының дұрыс әрі нақты жүзеге асырылуының қорытынды нәтижесі болып табылады.

Кілт сөздер: педагогика, әдіс-тәсілдер, Action research, «Миға шабуыл» «сұрақ қою» деңгейлік тапсырмалар, дифференциация, дағдылар, бағалау құралдары, рефлексия.

Сүлейменова Г.М. ^{*}1, Жамелов Б.А. ²

¹учитель-эксперт истории

Назарбаев интеллектуальная школа физика-математического направления
(Казахстан, г. Шымкент), E-mail: Suleimenova_g@fnsh.nis.edu.kz

²докторант PhD казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Яссауи
(Казахстан, г. Туркестан), E-mail: zhamelov.baglan@bk.ru

ЭФФЕКТИВНОСТЬ МЕТОДА «ИССЛЕДОВАНИЕ В ДЕЙСТВИИ» (ACTION RESEARCH) В ИССЛЕДОВАНИИ ОПЫТА УЧИТЕЛЯ НА УРОКЕ ИСТОРИИ

Аннотация

Современный учитель должен задуматься над своими действиями и провести глубокий анализ качества образования учащихся. В работе со студентами необходимо понимать факторы, препятствующие регулярному планированию и проведению занятий, и продумывать способы избежать их в будущем, иначе профессиональное развитие затруднено. Оно включает взаимодействие преподавателей

для решения задач работы в профессиональном сообществе, выбор общих стратегий, исследование их эффективности в работе со студентами и осуществляется через стратегию «исследования в действии».

В исследовании действия учитель изучает ситуацию в классе и разрабатывает гипотезу о ней. Для того чтобы определить причину той или иной ситуации, необходимо комплексно отслеживать ситуацию. Такое наблюдение приводит к определенному выводу. Систематические исследования развивают рефлексию, направленную на изменение нашего опыта, на изменение выявленной ситуации. Исследование действия – это процесс, который предполагает осуществление последовательных, последовательных, плановых мероприятий с целью улучшения опыта преподавания и обучения, а также систематический контроль результатов, полученных в ходе исследования. Рефлексия в действии – это процесс тщательного обдумывания во время планирования и выполнения действий (например, преподавания и обучения), критического анализа и оценки результатов действий.

Эффективное планирование урока, используемые образовательные ресурсы и методы с учетом возрастных особенностей учащихся, а также результат эффективного внедрения инструментов оценки, способных мотивировать учащихся, являются процессом, тесно связанным с ростом качества образования учащихся. Принимая во внимание конструктивную обратную связь коллег на последовательных уроках, преподаватель сам развивается профессионально, избегая пробелов, возникших на предыдущих уроках. Почти все эти процессы являются конечным результатом правильной и четкой реализации стратегии Action Research.

Ключевые слова: педагогика, методы, исследование действий, «мозговой штурм», задачи уровня «вопрос», дифференциация, навыки, инструменты оценки, рефлексия.

*G.M. Suleimenova *¹ B.A. Zhamelov.²*

¹expert teacher of history

Nazarbayev Intellectual School in Physics and Mathematics

(Kazakhstan, Shymkent), E-mail: Suleimenova_g@fmsh.nis.edu.kz

²doctoral student of Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (Kazakhstan, Turkestan),

E-mail: zhamelov.baglan@bk.ru

EFFECTIVENESS OF THE «ACTION RESEARCH» METHOD IN DEVELOPING TEACHER EXPERIENCE IN HISTORY CLASSES

Abstract

A modern teacher should reflect on his actions and conduct an in-depth analysis of the quality of students' education. When working with students, it is necessary to understand the factors that prevent regular planning and conducting classes, and think about ways to avoid them in the future, otherwise professional development is difficult. It includes the interaction of teachers to solve the tasks of working in the professional community, the choice of common strategies, the study of their effectiveness in working with students and is carried out through the strategy of "research in action".

In action research, the teacher studies the situation in the classroom and develops a hypothesis about it. In order to determine the cause of a particular situation, it is necessary to comprehensively monitor the situation. Such an observation leads to a definite conclusion. Systematic research develops reflection aimed at changing our experience, at changing the identified situation. Action research is a process that involves the implementation of consistent, consistent, planned activities in order to improve the teaching and learning experience, as well as systematic monitoring of the results obtained during the research. Reflection in action is the process of careful reflection during the planning and execution of actions (for example, teaching and learning), critical analysis and evaluation of the results of actions.

Effective lesson planning, the educational resources and methods used, taking into account the age characteristics of students, as well as the result of the effective implementation of assessment tools that can motivate students, are a process closely related to the growth of the quality of students' education. Taking into account the constructive feedback from colleagues in successive lessons, the teacher himself develops professionally, avoiding gaps that arose in previous lessons. Almost all of these processes are the end result of the correct and clear implementation of the Action Research strategy.

Keywords: pedagogy, methods, action research, "brainstorming", tasks of the "question" level, differentiation, skills, assessment tools, reflection.

Кіріспе.

Бүгінгі таңда сыртқы жиынтық бағалау (СЖБ) жүргізілетін оқу пәндерінде қалыптасқан дағдылар деңгейі мен оқушылардың нәтижелері өзекті мәселе болып табылады. Әрине, бұл сұрақ мұғалімнің оқушыларды жиынтық бағалауға дайындаудың әртүрлі тиімді әдістерін іздеуге мәжбүр етеді. Сондықтан да оқушылардың академиялық білімін дамыту, тарих пәніндегі ақандақ беттерді айшықтауда өзінің пікірі мен көзқарасын айқындай білетін, дереккөздермен сауатты жұмыс жасай алатын дағдыларды оқушылардың бойында қалыптастыру негізгі міндет болып есептеледі. Дәлел мен дәйектерді тиімді қолдана білу үшін оқушы дереккөздермен жұмыс жасауды меңгеру керек. Сонда ғана тарихи оқиғаларды дәлелді пікірлерімен талдай алады. Деректерді дұрыс тандай білу мен шынайылығын анықтауда оқушы мұғалімнің қолдауына сүйенуі қажет.

Мұғалімнің сабақтағы тиімді іс-әрекеті сабақтың сапалы өтуіне және оқушылардың білім сапасының көтерілуіне себепкер болатын басты қағида. Бұл ретте іс-әрекетті бақылау жүргізуді нәтижелі жүзеге асыру үшін білікті мұғалімдерден сабақты зерттеу және сапаны арттыру мақсатында зерттеу тобы құрылды. Зерттеу тобының негізгі мақсаты оқушылардың сабақтағы белсенділігін арттыру, тарих сабағына деген қызығушылықты дамыту арқылы білім алушылардың білім сапасын көтеру. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін жылға жуық уақыт жұмсалып, 2023-2024 оқу жылының өн бойында зерттеу тобы үздіксіз бақылау және зерттеу жұмыстарын жүргізді. Топтағы мұғалімдер кезек-кезегімен сабақ өтіп, әр сабақты бірлесіп жоспарлады. Жоспарлау кезінде оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріліп, ресурстар мен әдіс-тәсілдер тандап алынып сабақта тиімділігі қандай болары талданды. Бағалауды сапалы жүзеге асыру үшін ақылдаса келе ауызша және критерийлер арқылы бағалау түрлері жүргізілетін болып шешілді. Оқушылар тапсырманы орындай алуы үшін жас ерекшеліктері ескеріле отырып әрі деңгей-леріне сай сараланған түрлі дереккөздерден құралған тапсырмалар берілді. Дереккөздерді талдай отырып оқушылардың бойынша тарихи сана мен тұлғатанулық дағдыларды қалыптастыру арқылы тарихи оқиғаларға баға беруге, өз тарапынан пікір беріп, қорытынды шығаруға, екі жақты қарауға мүмкіндік береді. Зерттеу тобы осының барлығын алдын ала жоспарлап сабақта жүзеге асырады, топтағы өзге әріптестер бірлесіп жоспарлаған сабақтың қаншалықты нәтижелі жүзеге асқанын бақылау үшін сабаққа кіріп, бақылау жүргізеді. Мұғалім мен оқушының байланысы жоспардағы ресурстардың сабақ сәтіндегі жүзеге асырылуын бақылайды, сабақ аяқталған соң зерттеу тобы жиналып, мұғалімнің сабағына кері байланыс береді. Сабақтың сәтті тұстары мен кемшіліктері талданып, келесі сабақта бұндай олқылық-тардың орын алмауы үшін не жасау керектігін бірлесе ақылдасып отырып шешу жолдары ұсынылады. Бұл үрдіс жыл бойы жүргізіліп, оң нәтижелер көрсетті. Соңында, Action Research мұғалімдерге өз тұжырымдары мен идеяларымен бөлісу арқылы кеңірек білім беру қауымдастығына үлес қосуға мүмкін-дік береді [1. 44].

Назарбаев Зияткерлік мектептерінде Қазақстан тарихы пәні бірінші және екінші тілде білім алатын сыныптарда бірінғай қазақ тілінде жүзеге асырылады. Екінші тілде білім алатын сыныптарда оқушылардың қазақ тілі бойынша пәнді меңгеруде үлкен тілдік кедергілерге тап болады, осы мәселені шешуде клил жүйесін іс-әрекетті жүргізуді зерттеу тобында тиімді жүзеге асыру көзделген.

Әріптестердің берген конструктивті кері байланыстары арқылы алдыңғы сабақтарда орын алған кедергілерді жойып, келесі сабақтардың неғұрлым сапалы болуын қамтамасыз етеді. Аталған стратегия тек мұғалімдердің кәсіби біліктілігін дамытып қана қоймай, оқушылардың білім сапасының артуына да себепкер болады. Кері байланыстар арқылы мұғалім өз сабағын жақсартта түседі, мұғалімнің сабағының сапалы болуы оқушы білім сапасының жақсаруының кепілі. Сабақ сапасының артуымен бірге жүретін оқушылардың ынталылығының артуы және білімдерінің артуы қатар жүретін үдеріс. Оқушылардың білім сапасының артуы бөлім бойынша және тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелерінен көрініс табады. Осыны ескеретін болсақ «Іс-әрекетті зерттеу» стратегиясын орта білім беруде қолданудың маңыздылығы зор. Зерттеу тобы өз нәтижелерін ғылыми басылымдарда, КОКСОН тізіміне енген журналдарда жарыққа шығаруды мақсат етеді.

Зерттеу тобының жұмысы тарихшы мұғалімдердің өзара тәжірибе алмасуына, әдістемелік қор жасақтауына, алған білім мен тәжірибені жалпы орта мектептерге таратуды үздіксіз жүзеге асырады [2].

Материалдар мен әдістер: Бір тарауда берілген бірнеше тақырып бойынша тізбек үлгісінде сабақтар өткізілді. Зерттеу барысында салыстыру және жүйелеу әдістері қолданылды. Әріптестермен бірлесе отырып сабақтың жоспары құрылды. Белгілі ғалым, тарихшы мұғалімдермен бірлесе отырып, сабақты тиімді өткізу үшін сабақтың негізгі бөлігін білім оқушыларға түсінікті болу үшін заманауи педагогика-лық әдіс-тәсілдер мен бағалау түрлері көзделді. Сабақта қолданылатын дереккөздерді сұрыптау кезінде белгілі тарихшы ғалым Хазретәлі Маханұлының кеңестері сабақ жоспарына құрылды. Зерттеушілер тобы бастапқы сабақтарда берілген рефлексияны негізге ала отырып, жаңа сабақ әріптестермен бірлесе отыры-лып жоспар түзілді. Әріптестер бірлесе отырып, заманауи әдіс-тәсілдер мен бағалау түрлері оқушылар-дың пәндік білімін арттыруға, тарихи кезеңнің ерекшеліктерін түсінуге

көмектесе алады. Оқушылардың сыни тұрғыда талдау, тәуелсіз ойлау, өзіндік қорытынды жасап, тарихи оқиғаны бағалау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді [3. 65]. Сабақтың соңында үдерістің тиімділігі мен мұғалімге берілетін кері байланыс жолға қойылды. Зерттеу тобының жұмысының барынша академиялық әділеттілік шеңберінде жүзеге асырылуын және сабақтарға берілетін кері байланыстардың сапалы, конструктивті болуын қадағалау үшін алаштанушы ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор Хазретәлі Түрсүн Маханұлы арнайы шақырылып, білім алушылардың сабақ кезіндегі белсенділігі мен сабаққа қатысуын мұқият қадағалады. «Іс-әрекетті зерттеу» әдісін қолдану арқылы сабақтың әлсіз тұстарын жойып, жақсарту арқылы мұғалімнің кәсіби дамуы мен оқушылардың білім сапасының арту үдерісі қатар жүреді.

Нәтижелерді талқылау: Л.С.Выготскийдің теориясында дарындылықты оқушының білімді өз бетінше игеруін, мәселені зерттеуін «Зияткерлік дарындылық» ретінде зерттеген. Екінші тілде білім алатын сынып зерттеу нысаны ретінде алынды, оның үстіне сыныпта түрлі деңгейдегі оқушылар шоғырланғандықтан оқулардың үлгерімін ескере отырып сараланған тапсырмалар берілді. Бұл сыныпты зерттеуге алған себеп жоғары деңгейлі тапсырма орындау барысында дереккөздермен жұмыс жүргізу деңгейі төмен болатын. Осы мәселе бойынша кәсіби даму мақсатты әртүрлі дереккөздермен жұмыс жасау арқылы тарихи үдерістердегі себеп-салдарлық байланыстарды анықтай білуге бағыттау мақсат етілді.

Зерттеу тобы кіретін сабақ ретінде тәуелсіз Қазақстанның экономикалық дамуымен байланысты тақырып таңдап алынды. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі қазақ елінің экономикалық даму моделі ретінде әлемде мойындалған нарықтық экономикалық жүйеге өтуі және кездескен кедергілерге байланысты тарихи оқиғаларды оқушылар бұл сабақта меңгеруі қажет. Оқушылар бұл сабақтың барысында жас тәуелсіз республикада нарықтық экономикалық қатынастарға өту жолындағы реформалар кезінде жүргізілген нақты ішаралардың тиімділігін талдады. Алайда оқушылардың осы тақырып төңірегінде құрастырылған СЖБ форматындағы дереккөздерді талдау және аргументативті зерттеу бағытындағы эссе жазу тапсырмаларында қателесетіні анықталды. Бұл мәселенің басты себебі, оқушының білімінің, екінші тіл ретінде тілдік деңгейінің төмендігі, және таңдаған мамандықтарын жаратылыстану бағытымен байланыстырған оқушылардың сабаққа деген қызығушықтарының жоқтығы. Осы мәселелерді шешу мақсатында өзіме «дереккөздермен қалай жұмыс жүргіземін?», «оқу мақсатына сай тапсырмаларды қалай жүйелеймін?» деген мәселе қойдым. Оқушыларды дереккөздермен жұмыс жүргізу дағдыларын дамытуды көздеген сабақтың оқу мақсаттарынан сабақтың мақсаттары және бағалау критерийлері оқушылардың өздеріне жасап шығуына мүмкіндік берілді. [4. 87].

Сабақтың басында алдыңғы өтілген тақырыпты жаңа тақырыппен кіріктіру үшін «*wordwall.net*» білім беру платформасындағы «Донғалақ» әдісін қолдану алға қойылды. «Қайталау білім анасы» дегендей өтілген сабақты қайталау арқылы жаңа сабаққа шығу көзделді. Тақырыпты оқушылардың өзіне айқындату үшін Е. әріптесім «*Суреттер көрмесі*» әдісін ұсынды. Аталған әдіс оқушылардың жас аралық деңгейіне сәйкес әрі ойын үлгісінде қызықты жүзеге асады. Тақырып айқындалғаннан кейін оқушыларды 4 топқа бөліп, сабақ мақсаттарымен, бағалау критерийлері талқыланады. Екінші оқушыларға жеке жұмыс ретінде экономикалық жүйелердің түрлері мен экономикалық модельдердің негізгі белгілерін анықтауға «*learningapps.org*» платформасында тапсырма беріледі. Тапсырманы орындау үшін платформаға QR-коды арқылы кіретін болады. Бұл тапсырма оқушылардың қызығушылықтарын арттырып қана қоймай, білімдерін жүйелеуге, зерттеу дағдыларын қалыптасуына ықпал етеді. Топтық жұмыс кезінде оқушылар нарықтық экономикаға өтуде кездескен қиындықтар мен аталған экономиканы орнату қандай пайдалы және тиімді тұстары боларын SWOT талдау әдісі арқылы анықтайды. Оқушылар бұл әдіс арқылы мәселені әртүрлі қырынан қарап, шағын зерттеу жүргізу арқылы нарықтық экономиканы құрудағы күшті және әлсіз жақтарды, болуы мүмкін қауіп-қатерлер мен нарықтық жүйенің беруі мүмкін мүмкіндіктерін қарастыра алады. Білім алушылар арнайы берілген дескрипторлар арқылы бағалауды жүзеге асырады. Себебі оқушылардың бір-бірінің кемшіліктерін көре отырып, бағалаудың үлкен жауапкершілікті қажет ететінін түсінеді. Сабақты бекіту кезеңінде Қазақстанның әлемдік экономикаға кірігуін <https://quizizz.com/> ресурсында қалыптастырушы бағалау тапсырмасы ретінде аламын. Дұрыс жауаптарына сәйкес ресурс оқушыларды өздігінен бағалауды жүзеге асырамын. Себебі бағалауда қатемен жұмыс жүргізе отырып, тапсырмаларды қалай бағаланатынын түсінуге септігін тигізеді деп ойлаймын. Сабақ қорытындысында оқушылардан «Сабақ мақсатына жете алдық па?», «Қай тапсырма тақырыпты игеруге мүмкіндік берді?», «Дереккөздермен жұмыс жүргізуді түсіндік пе?» деген сұрақтар арқылы кері байланыста оқушылардың тақырыпты қай деңгейде түсінгенін анықтаймын. Кері байланысты оқушылар арнайы сілтемеге кіріп «*Padlet.com*» цифрлық ресурсында орындайды. Сабақты жоспарлағанда басты назарды іс-әрекетті зерттеуде

оқушылардың барлығын қамту еді. Әріптестерім ұсынған әдістер мен ұсыныстарын қолдану арқылы бірлескен сабақ жоспары мақсатына жетеді деп ойлаймын.

Нәтижелер.

Сабақты «*wordwall.net*» сандық білім беру ресурсында өткен тақырыптарға қатысты сұрақтарды талдап, оқушылардың жаңа сабаққа қаншалықты дайын екені анықтаудан басталды. Өткен сабақты қайталау мақсатында білім беру ресурсындағы айналмалы дөңгелек арқылы деңгейлік сұрақтар қойылды. Дегенмен сұрақтарға жауап бере алмаған оқушылар да болды. Оларға түрткі сұрақтар, жетелеуші сұрақтар арқылы қайта бағыттау техникасын қолданылды. Себебі жоғары деңгейлі оқушылар бір топқа топтаспауы қажет. Оқушылардың қабілеті мен үлгерім деңгейін негізге ала отырып жасалған сұрақтар арқылы білім алушылардың барлығы дерлік өтілген тақырыпты толық меңгергендігін айқындап берді. Сабақтың негізгі бөлімінде оқушылар «*learningapps.org*» платформасында жеке жұмыс жүргізді. Оқушылар QR-код бойынша платформаға кіріп, экономикалық жүйелерді белгілері бойынша бір-бірінен ажыратуға мүмкіндік алды. Нарықтық экономика мен жоспарлы экономиканың негізгі белгілерін анықтады. Себебі бағыттаушы сұрақтар арқылы экономиканың белгілерін түсінуге әкелді. Қорытындыда сындарлы кері байланыс беріліп, жауаптары толықтырылды. Себебі мұғалімнің кері байланысы оқу мақсатына жетуге ықпал етеді. Сабақта оқу мақсаттарын орындауға арналған негізгі тапсырма ретінде бірінші және екінші топтардың ел экономикасының бүгінгі жәй-күйін ескере отырып, болашаққа болжам жасауға бағытталған Форсайт және GAP-талдау сынды шағын зерттеу жұмыстарын орындады. Топтар нарықтық экономиканың қазақстандық моделінің қазіргі жағдайына, артықшылықтарын айқындап, кемшіліктерін жоюды, болашаққа бағдар жасауды ұсынады. Әр топ талдау, зерттеу барысында дереккөз-дермен дәлелдеп жауап берді. 1-топ және 2-топтың білім алушылары Берілген уақыттан кейін топтар зерттеу жұмыстарын таныстырды. Бұл зерттеу тапсырмасында қажетті ақпаратты іздеуге, дәлелдерінің дереккөздерін анықтауға, өз тұжырымдарын жасауға қолдау жасап отыру зерттеу дағдыларының қалыптасуына ықпал етті. Сонымен қатар топтағы үлгерімі жоғары оқушылар қабілеті төмен оқушыларға көмектесуі арқылы қолдау ұйымдастырылды. Топта дереккөздермен жұмыс жүргізе отырып, нарықтық экономикаға көшу барысында қиыншылықтардың себебін анықтады. «Форсайт және «GAP-талдау» сабақ мақсатына жетуіне тиімді әдіс болды. Алдыңғы сабақтармен салыстырғанда оқушылар анықтау, талдау, зерттеуде дереккөздермен жұмыс жүргізуге дағдылары қалыптасты [5]. 3-топтың оқушылары GROW зерттеу әдісі негізінде нарықтық экономиканы жүргізуде кездескен қиындықтар мен кедергілерді зерттеп қазақ билігі бұл кемшіліктерді жою үшін жасаған іс-шараларды талдады. Төртінші топ SWOT талдау арқылы Республикадағы экономикалық жағдайды жан-жақты қырынан талдады. 4-топтағы А. деген оқушы көшбасшылық қасиетін танытып, зерттеу барысында оқушыларға бағыт беріп, көмектесіп отырды. Топтық жұмыста 2-топ оқушылары нарықтық экономика жағдайында қазіргі болашақтың құбылмалы екенін және келешекте қуатты экономикасы бар ел құру үшін не жасау керек екендігі зерделей білді. Осы тұста оқушылардың географиядан алған Тәуелсіз Қазақстандағы жекешелендірудің шаруашылыққа әкелген өзгерістері туралы білімдерін қолдана алғандығы көрінді. Оқушылар сабақ қорытындысында <https://quizizz.com/161> ресурсында ұйымдастырған қалыптастырушы бағалау тапсырма-сын орындады. Барлығы берілген уақытта тапсырманы орындап шықты [7]. Оқушылардың дұрыс жауаптарына сай ресурс оқушыларды өздігінен бағалау орын алды. Сабақ соңында «Сабақ мақсатына жете алдық па?», «Қай тапсырма тақырыпты игеруге мүмкіндік берді?», «Дереккөздермен жұмыс жүргізуді түсіндік пе?» деген сұрақтар арқылы кері байланыс жүргізілді. Оқушылар кері байланыстарын «Padlet.com» сандық ресурсында жазып қалдырды. Оқушылардың берген кері байланыстары сабақтан алған білімдері тиянақты әрі жинақы болғандығын, білім алушылардың көпшілік бөлігі дерлік сабақты түсінгендігі мен сабақтың мақсаттарын игергендігін айқындайды. Кейбір тілдік кедергілері бар оқушылар қазақ тілінде өзінің ойы мен көзқарасын және тарихи оқиғаларды баяндауда қиналатындығы көрініс тапты. Әріптестеріммен ақылдаса отырып, дәл осы тілдік кедергілері бар оқушылармен жұмыс жасауда клил әдістемесі бойынша тапсырмалар құрастырып, сабақтарда кеңінен пайдалану көзделеді.

Сабақтың кіріспесіндегі «*wordwall.net*» цифрлық ресурсындағы айналмалы дөңгелек арқылы тапсырманы орындау барысында мына дүниелерге басты назарда ұсталды: «оқушы үй тапсырмасын қаншалықты орындаған?», «Білу және түсіну деңгейіндегі деңгейлік сұрақтарға дайын ба?», «Деңгейлік сұрақтар жоғары оқушылар өзгеге көмектесе ме?» [8]. Бұл тапсырмада дайын балл беріліп, үй тапсырмасын орындағандығы бағаланды. Оқушыларға сындарлы кері байланыс берілді. Өтілген тақырыпты аталған ойын үлгісінде қайталау оқушыларға қызықты өтті, сабақта белсенділігі төмен оқушылардың тапсырманы қызығушылықпен орындағандары байқалды.

«*learningapps.org*» платформасында жеке жұмыста нарықтық экономика мен жоспарлы экономика-ның негізгі белгілерін анықтап өтті. Бұл тапсырманы орындау үшін оқушылар смартфондарын пайдаланып, арнайы сілтеме бойынша тапсырмаға кіріп, экономиканың белгілерін өз түрлеріне дұрыс сәйкес-тендірді [9]. Бұл әдіс арқылы оқушылар алған білімдерін жүйелеп, шешім шығаруға мүмкіндік болды. Арнайы платформада орындалған бұл тапсырмада оқушылар өздерінің жылдам шешім қабылдау, ұшқырлық таныту, уақытты тиімді пайдалана білу сынды дағдыларын дамытуға мүмкіндік алды. Сабақтың негізгі құндылығын ашатын шағын зерттеу жүргізетін SWOT, GAP, GROW, ФОРСАЙТ сынды тапсырмаларда оқушылардың жоғары деңгей дағдыларын дамытуға мүмкіндік алып, мемлекет эконо-микасының қазіргі жағдайына талдау жасап, 90 жылдардағы экономикалық реформалардың сәтті болған-дығын, ТМД аумағында экономика саласының либералдандырудың ең жарқын көрінісі Қазақ-станда өткендігін дәлелдеп, өзге елдермен салыстырмалы талдау жасады. Оқушыларға ақпарат көзі ретінде дереккөздер Әр топ талдау, зерттеу барысында дереккөздермен дәлелдеп жауап берді. Зерттеу тапсырма-сына бағалау критерийі құрастыру оң нәтиже берді. Қабілеті төмен оқушыға тапсырманы дайындап берді. Мұғалімдер сабақты мұқият бақылап, оқушы мен мұғалімнің іс-әрекетін бақылап отыр-ды. Шағын зерттеу жұмысын орындау кезінде кейбір үлгерімі нашар оқушылардың сабаққа тартылмай отырғандығы байқалды. Сынып екінші тілде білім алатындықтан қазақ тілінде сөйлеуге киналатын оқушылар кездеседі. Осы мәселені байқап жүріп, жұмысты қорғау сәтінде топқа сұрақтар қою арқылы белсендігі төмен білім алушыларды сабақ үдерісіне тарту жүзеге асырылды. Оқушылардың тәуелсіз шешім қабылдау дағдысын дамыту үшін, бағалау критерийлері арқылы бір-біріне орындаған жұмыста-рын бағалатуға мүмкіндік берілді. Бұндай жағдайда оқушылар барынша бір-бірін академиялық әділеттілік принципі негізінде бағалауға әрекеттенді, дегенмен араларында өзара бағалау кезінде көтермеленіп бағалаулар жүргізілген-дігі байқалды. Бұндай сәтте мұғалім дереу араласып, түзетулер жасап отырды. Сабаққа қатысқан басқа әріптестер тарапынан келесі топтық жұмыста әр оқушыға баға беретін бағалау парағын құрастыру қажет деген шешім қабылданды.

Әрбір тапсырмаларды орындауда мұғалім оқушыларға уақыт беріп отырды. Білім алушылар тапсырманы орындау кезінде уақыт үдесінен шыға білуі керек. Бұл дегеніміз уақытты тиімді пайдалануға, тапсырманы жылдам әрі сапалы орындауға, жауапкершілікке баулиды. Тапсырманың түрі мен қиындық деңгейлеріне орай түрлі уақыт берілді. Білім беру ресурсында орындалатын тапсырмаларға 5-7 минут уақыт берілсе, шағын зерттеу тапсырмаларына 15-20 минут уақыт берілді. Оқушылар жылдар бойы тапсырмаларды орындауда тайм-менеджментке үйренгендіктен тапсырмаларды орындауда уақыт үдесінен шыға білді.

Қорытынды тапсырмада оқушылардың білімін бағалауда цифрлық бағдарламада дайын жауабымен бағалауды қолдану оң нәтиже берді деп есептеймін. Бұл бағалаудың тиімді тұсы оқушылар әділ баға беруге тырысты. Қосымша білімді бекітуде бір-біріне сұрақтар қойды. Ауызша мадақтауда «Жарайсың!», «Керемет, қандай дереккөздерді қолдандың?», «Керемет шешім!» деп оқушы жетістігіне қолдау көрсеті-ліп отырды. Себебі жүйелі бағалау оқушылардың сабақта еркін отыруына, оқу мақсатына жетуіне, тақырыпты түсінуіне әкеледі. Сабақ барысында топта зерттеу тапсырма үлестірілгенде әр оқушының әрекеті де назардан тыс қалмады [10. 38]. Сабақта бір байқалғаны білім беру платформаларында жасалған қызықты тапсырмалар сабақты жүйелеуге, тапсырмаларды қызықты етуге, оқушылардың үдеріске толық тартылуына ықпал етеді екен. Осы бақылаулардан алынған оң нәтижелерді ескеріп, келесі сабақтарда тиімді қолдануды жалғастыра беру туралы кері байланыстар берілді.

Сабақта оқушыларды мадақтап отырудың маңызы өте зор. Бұл әрекет оқушыларды белсенді болуға, сабаққа жауапкершілікпен әрі қызыға отырып, бәсекелестікпен орындауына себепкер болды. Белсенділігі төмен оқушыларды мадақтап отыру оларды қанаттандырады, сабаққа деген көзқарасын өзгертіп, қызығушылығын күшейтеді. Сондықтанда әр сабақта қабілеті мен үлгерімі төмен оқушыларды осылай ынталандырып отырудың мағызыдылығы зор.

Оқушылар өзара бағалау жүргізу арқылы белсенді оқуға ынталары артты, өз әрекетіне жауапкерші-лікпен қарады. Бағалау үрдісі кезінде алған дағдылары мен білімдерін бөлім бойынша және топсандық жиынтық бағалауларда қолдана алатын болды. Оқушылар бағалау кезінде өзге оқушылардың жауаптарын нақтылауға шақырып, өз ұсыныстарын білдірді [11]. Осы орайда айта кетерлік жағдай 4 топтың оқушылары өзара бағалауда субъективтілікке жол бергендігін анықтадым. Әріптесіммен кеңесе отырып бұл жағдайды келесіде болдырмау үшін бағалау критерийлерін жетілдіру керек екендігін түсіндім. Сабақты бекіту кезінде өтілген «*quizizz.com*» сандық ресурсы оқушылардың сабақта алған білімдерін қорытындылауға және бағалауға мүмкіндік берді [12].

Сабақтың сәтті өткен тұстары:

- эссе жұмысын жүйелі жазатынын және дәлелдер мен дәйектеуді тиімді жүзеге асыратынын байқадым.

Оқушылардың талдау дағдыларының едәуір жақсара түскендігі экономикалық жүйелердің ерекшеліктері мен ұқсас тұстарын дәл әрі нақты көрсете алуынан анықталды.

Сабақтың сәтсіз тұстары:

- кейбір оқушылар тапсырма мәтінін түсінбей орындауы;
- дағдыны қалыптастыру бөлімінде уақыттың жетіспеуі орын алды.

Қазақ тілінде сөйлеуге қиналатын оқушылардың айтылым және жазылым қабілеттерін дамыту үшін шағын әрі жеңіл мәтін және деректер ұсынылды. Қазақ тілінде сөйлеу және жаза алу дағдыларына басымдық беріліп, осындай дағдыларды дамытатын тапсырмаларды жолға қою мақсат етілді.

Батыс педагогтарының тұжырымдауынша оқушыларды бағалаған тұста олардың жауаптары мен орындаған тапсырмаларының қаншалықты нәтижелі болғандығын зерделеу қажет. Өз сөзін қуаттайтын нақты дәлелдер мен дәйектерді қолдана білу және тарихи кезеңдер мен оқиғаларды салыстырмалы талдау жасап, аражігін ажырата білген оқушыларды марапаттау арқылы бағалау тиімді болатындығын және пәнге деген қызығушылықты оятуда негізгі жағдай екендігін сабақ дәлелдей алды [13].

Сабағыма баға берерде менде «Сабағым сапалы өтуі үшін не істеуім керек?», «Сабақтың негізгі компоненттерін жүйелі ұйымдастырдым ба?» деген сұрақтар туындады. Осы тұста көптеген шетел ғалымдарының зерттеулерімен танысып шықтым.

Сонымен қатар, сабақтың сапалы өтуі үшін жоспарды дұрыс құрастыру болып табылады. Сабақтың негізгі компоненттері:

- Ұйымдастырушылық; сабақ бойы топты ұйымдастыру, оқушылардың сабаққа дайындығы [14].
- Мақсат қою; оқушылардың сабақ мақсаты мен бағалау критерийін талқылауы.
- Ынтымақтастық; топта тапсырманы талқылау, тақырып бойынша маңыздылығын анықтау,
- Мазмұндық; белсенді әдістерді таңдау, деңгейлік тапсырмаларды ұйымдастыру.

Әріптестермен бірлесе құрастырған сабақ жоспарымының бұрынғы сабақтан өзгеше болды. Сабақта қолданған әдістерім Блум таксаномиясына негізделіп құрастырылды. Бұл оқушыларға тақырыпты оңай игеруге, алған білімдерін қолдануға мүмкіндік берді. Сабақ жоспарындағы «Форсайт талдау» әдісін карта құрастыруды қолдану тиімді болды. Себебі бұл оқушылардың географиядан алған білімдерін тарихпен ұштастыра алды. Сонымен қатар, уақытты тиімді үйлестіру мен зерттеу аясындағы сабағымда оқушылардың қажеттілігін өтеді [15].

Сабақты зерттеу тобы жүргізген зерттеу өз мақсатын толық орындалды. Зерттеу тобы жұмыс жүргізген сыныптарда оқушылардың білім сапасының артқандығы тоқсандық және жылдық көрсеткіштерінен көрініс тапты. Зерттеу тобына мүше мұғалімдер кәсіби тұрғыда өсіп, бір-бірінен әдістемелік көмек алып, мұғалімдік тәжірибесін байытуға мүмкіндік алды. Мұғалімдер өз зерттеулерін келесі оқу жылында да жалғастыра беруді дұрыс шешім деп қабылдады. Осы жылғы сабақ барысында кеткен кемшіліктер мен кедергілерді назарға ала отырып, сабақта тиімді әдіс-тәсілдерді бағалау түрлерін және білім беру ресурстарын тандай білуді, берілген әрбір кері байланысты ескеру ұсынылды.

Зерттеу жұмысының қорытындысы ретінде оқушылардың пәнге қызығушылығы артып, сабаққа белсене қатысуы және білім алушылардың бөлім бойынша және тоқсандық, жылдық қорытынды бағаларының жақсара түсуі негіз бола алады [16]. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс істеуде зерттеу тобының жұмысының маңыздылығы айқындалды. Мұғалім ретінде кәсіби шыңдалу мен әдістемелік қорды жақсартуға, тәжірибе алмасуға, сабақтың сапасын жақсартуға мүмкіндік болды. Себебі мұғалім де оқушы да уақытты үнемдеп, мұғалім қашықтықтан бағалап, бақылап отырады. Сонымен қатар оқушының пәнге деген қызығушылығы артып, белсенді болады. Зерттеу сабағымның қорытындысы бойынша әріптестермен бірлесе қателіктерді жою мақсатында ортақ әдісті ортаға саламыз. Қалалық, желілік тарих пәнінің мұғалімдеріне зерттеу сабағымдағы үздік әдістермен алмасып, тәжірибе алмасамын. Дереккөздермен жұмыс жүргізу дағдыларын дамыту бойынша зерттеу жұмыстарым Назарбаев Зияткерлік мектептері мен облыстық тарих пәнінің мұғалімдеріне септігі тиер деген ойдамын. НЗМ мектептерінде жүргізілген бұл сәтті үдерісті жалпы орта мектептерге трансформация жасаудың артықшылықтары зерделеніп, мектептерде семинарлар, тренингтер, мастер-класстар өткізуді, пайдалы білім мен дағдыларды, әріптестерге тарату мұғалімнің негізгі міндеттерінің бірі болмақ.

Қорытынды.

Сабақ үдерісінде іске асырылған әдіс-тәсілдер нәтижелі болғандығы оқушылардың кейінгі сабақтардағы бөлімді және тоқсанды бағалау жұмыстарында жақсы нәтижелерімен көрініс тапты. Зерттеу тобына кіретін мұғалімдер өз жұмыстарын үлкен жауапкершілікпен әрі тиянақты, кәсіби

тұрғыда орындауы топ жұмысының жылдық қорытындысының жемісті болуына әкелді. Топқа кәсіпқой мұғалімдермен қатар жаса мамандар бірікті, жас мамандар өзге тәжірибесі мол әріптестерінен көптеген педагогикалық тәжірибелер үйренді. Мұғалімдер бір-бірін өздерінің бай педагогикалық тәжірибелерімен алмасу арқылы байытты. Сабақтардың сапасы көтерілді. Оқушылардың ынтасы мен белсенділігі күшейді. Мұғалімнің де оқушының да бойынша жауапкершілік дағдысы дами түсті. Батыстық шағын зерттеуге мүмкіндік беретін әдіс-тәсілдер сабақтың ең маңызды әрі құнды тұстарының бірі болып, оқу мақсаттарының толық орындалуына ықпал жасады. Оқушылар шағын зерттеу жүргізуге, мәселенің себебін анықтап, түрлі қырынан қарауға, шешу жолдарын ұсынуға мүмкіндік алды. Оқушылар бұл тапсырма барысында зерт-теушілік дағдысын дамытып, екі жақты көзқарас білдіруге, тәуелсіз шешім қабылдауға, мәселеге өз көзқарасын білдіруге, қорытынды жасай алуға үйренді [17].

Бағалаудың әдістері тиімді жүзеге асырылып, оқушылардың қабілеттерін дамыта түсті, дереккөздермен жұмыс жүргізу кезінде арнайы бағалау критерийлері арқылы өзара бағалау жүргізу оқушылардың тарихи оқиғалар үдерісінде орын алған оқиғаларды дұрыс бағамдауға әрі пайымдауға арқау болды.

Зерттеу тобына арнайы шақырылған ғалымдар белгілі ғалым, алаштанушы, тарих ғылымдарының докторы профессор, Хазретәлі Тұрсұн Маханұлының және педагогика саласының майталманы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Атемова Қалипа Тұрсыновнаның сабақты жоспарлау және жүргізуді іске асыру кезінде берген қолдаулары мен әдістемелік көмектері зерттеу тобының жұмысының нәтижелі болуына ықпал жасады. Сабақты жоспарлау бөлімінде цифрлық ресурстарды тиімді таңдауға, бағалауды жүргізуді қалай жүзеге асыру нәтижелі болмақ деген сұрақтардың түйінін шешіп, таңдап беруге көмек берді. Университеттен арнайы шақырылған ғалымдардың методикалық қолдауы зерттеу тобының өз мақсаты мен бағытын анықтауға, нәтижеге жетелейтін жұмыс жоспарын құрып, жүргізуге мүмкіндік берді. Аталған ғалымдар мұғалімдердің сабақтарына белсене қатысып, конструктивті кері байланыстар беруі мұғалімдердің өз даму аймағын дұрыс айқындауға ықпал етті.

Әріптестермен бірлескен зерттеу жұмысы нәтижелі өтті. Алынған озық тәжірибені жалпы орта мектептерге тарату үшін өзге мектептерде де зерттеу тобын құрып жүргізуді және НЗМ мұғалімдері тарапынан мектептерде жүргізіліп жатқан бұл жұмысты бақылап отыруды, қажет тұстарда кері байланыстар беріп, түзеп бағытын, жұмыс жоспарын айқындап беріп отыруға қолдау көрсетіп отыру шешілді. Кез-келген мектеп үшін сабақтағы оқушының ынтасын және зейінін шоғырландыру өте өзекті, бұл мәселені оң шешуде Іс-әрекетті зерттеу тобы жүргізген нәтижелі жұмыстар шешім болып табылады. Сондықтан да осындай озық әрі өз мақсатын толық орындай алған жобаны жалпы орта мектептерге тарату арқылы жоғарыда аталған мәселерді және оқушылардың білім сапасын көтеруге болады. Бұл үшін ең маңыздысы жоба үлкен жауапкершілікпен және нақты жұмыс жоспарымен жүзеге асырылуы міндетті. НЗМ мұғалімдері осы міндетті өз мойындарына алып, жалпы орта мектеп мұғалімдерімен жұмыс жасауға дайын.

Мұғалімдерден құралған зерттеу тобы университет ғалымдарының ұсынысын негізге ала отырып келесідей шешімдерге келді:

➤ Бағалау үдерісін жүзеге асыру кезінде критерийлерді айқындау қажет, себебі бағалау критерийлері айқын болмаса оқушылар субъективті бағалауға жол беретіндігі анықталды, келесіде бұндай жағдайды болдырмау қажет.

- Тарихи дереккөздерді талдау кезінде барлық оқушыларды сабақ үдерісіне тартуды жолға қою;
- Білім беру платформаларының бағалау жүйесін тиімді қолдануды жүзеге асыру;
- Университет ғалымдарымен жүйелі жұмысты келесі оқу жылында жалғастыру қажет;

Зерттеу тобының мұғалімге берген ұсыныстары;

➤ Білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын дамыту кезінде кездесетін қиындықтарды анықтау нәтижеге жетелейтін тиімді шешу жолдарын анықтау;

➤ Оқушылардың жоғары деңгей дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін әдіс-тәсілдер мен тапсырмаларды түрлендіріп отыру;

- білім алушылардың қажеттіліктері мен қабілеттерін ескере отырып сабақты жоспарлау;
- шағын зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру;

Мұғалімнің жеке тәжірибесін дамыту үшін алға қойған мақсаттары;

➤ Сабақта оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытатын тапсырмаларды көбейту;

➤ Зерттеу тобы аясында әріптестермен сабақты зерттеуді жалғастыру;

➤ Білімді жетілдіру мақсатында түрлі платформалар ұсынатын курстарды оқып сертификаттарға ие болу;

➤ Зерттеу тобы жүргізген жұмыстардан алынған оң нәтижелерді жалпы мектептер мен Зияткерлік мектептің мұғалімдеріне семинар тренингтер, мастер кластар өту арқылы таратуды жолға қою.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ис-әрекеттегі зерттеу. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Астана, 2012 124 б.
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Мектептегі мұғалім көшбасшылығы». «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2012 346 б
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2012 187 б.
4. Чичибу Т. Сабақты зерттеу бойынша мұғалімдерге арналған нұсқаулық; ағылш. - «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, Астана, 2013, 98 б.
5. Екінші тілде оқытылатын пәндер бойынша оқыту процесін ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар.-Астана, 2013, 87 б.
6. Dale L., Wide Van Der As., Tanner R., CLIL Skills, 2010, 205 б.
7. Нуракаева Л.Т., Шегенова З.К. CLIL әдісіне негізделіп құрастырылған сабақ үлгілері. - Астана, 2013.-51 б.
8. Жамелов Б.А. Сүлейменова Г. М. Базарбаев Қ. «Қазақ жерінің тұтастығын қалпына келтірудегі ұлт зиялыларының қызметінің маңызын мектепте оқыту». (Ис-әрекетті зерттеу (Action Research) мұғалімнің өзіндік әс-әрекетінің тиімділігін арттыру стратегиясы ретінде) Абай атындағы ҚҰПТ «Хабаршы» «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы. №4 (79), 2023, 395 б.
9. Zhamelov. B, Kulanova. F, Baitureev D. «Opportunities for the development of professional pedagogical competence of f teacher using the «activity research» approach in a history lesson». Абай атындағы ҚҰПТ «Хабаршы» «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы. №1 (80), 2024, 394 p
10. Schleicher A. Preparing Teachers and Developing School Leaders for the 21 st Century: Lessons from around the World. Background Report for the International Summit on the Teaching Profession. 255 б.
11. Программа курсов повышения квалификации педагогических работников Республики Казахстан. Руководство для учителей. Второй основной уровень. Издание третье.-Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2012.-237 с.
12. Краевский В. В., Бережнова В. Е. Методология педагогики: новый этап. - М.: Академия, 2008. - 400 с.
13. Creating Effective Teaching and Learning Environments: first results from TALIS. Paris: OECD. - 310 pp.
14. Попова Л. А. Как сделать педагогический опыт продуктом для обмена. //Открытая школа №6 (107), Алматы, 2011. - С. 244.
15. Schon D. The Reflective Practitioner. San Francisco, CA. Jossey-Bass, 1983.-325 pp.
16. Brookfield S. Becoming a Critically Reflective Teacher. San Francisco, CA Jossey-Bass, 1995-269 pp.
17. Monn J. Reflection in Learning and professional development. London: Routledge Falmer, 1999. - P. 174 p.

References:

1. Action research. "Nazarbayev Intellectual Schools", Astana, 2012, 124 p
2. Guide for the teacher. "Teacher Leadership in Schools". "Nazarbayev Intellectual Schools", 2012, 346 p.
3. Guide for the teacher. Teacher leadership in the pedagogical community. "Nazarbayev Intellectual Schools", 2012 187 p
4. Chichibu T. Instruction for teachers on lesson study: English. - "Nazarbayev Intellectual Schools" Center of Pedagogical Excellence of the State Educational Institution, Astana, 2013, 98 p.
5. Suggestions on the organization of the teaching process in subjects taught in a second language. - Astana, 2013, 87p
6. Dale L., Wide Van Der As., Tanner R., CLIL Skills, 2010, 205 p.
7. Nurakaeva L.T., Shegenova Z.K. Lesson models based on the CLIL method.-Astana, 2013.-51 p.
8. Jamelov B. A. Suleymenova G. M. Bazarbaev K. "Teaching at school the importance of the activities of national intellectuals in restoring the integrity of the Kazakh land". (Action Research as a strategy to increase the effectiveness of the teacher's own behavior) KPU named after Abay "Khabarshi" "History and political and social sciences" series. No. 4 (79), 2023, 395 p.
9. Zhamelov. B, Kulanova. F, Baitureev D. «Opportunities for the development of professional pedagogical competence of f teacher using the «activity research» approach in a history lesson». Абай атындағы ҚҰПТ «Хабаршы» «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы. №1 (80), 2024, 394 p.

10. Schleicher A. *Preparing Teachers and Developing School Leaders for the 21 st Century: Lessons from around the World. Background Report for the International Summit on the Teaching Profession.* 255p.
11. *Program of training courses for pedagogical workers of the Republic of Kazakhstan. Guide for teachers. The second main level. Third edition.*-Astana: JSC "Nazarbayev Intellectual Schools", 2012.-237 p.
12. Kraevsky V. V., Berezhnova V. E. *Pedagogical methodology: new stage.*-M.: Akademiya, 2008-400 p.
13. *Creating Effective Teaching and Learning Environments: first results from TALIS.* Paris: OECD. - 310 pp.
14. Popova L. A. *How to make pedagogical experience a product for exchange.* //Open School No. 6 (107), Almaty, 2011.-S. 244 p.
15. Schon D. *The Reflective Practitioner.* San Francisco, CA. Jossey-Bass, 1983.-325 pp.
16. Brookfield S. *Becoming a Critically Reflective Teacher.* San Francisco, CA Jossey-Bass, 1995-269 pp.
17. Monn J. *Reflection in Learning and professional development.* London: Routledge Falmer, 1999. - P. 7. 174 p.